

SOIL RESEARCHING OF GREENING ZONES OF ASTANA

The practical significance - on the basis of experimental data optimum ways and technologies of creation of steady afforestations or the ozelenitelnykh of parks will be picked up. Also received results can serve as a material for creation of geoinformation database and drawing up cards.

Keywords: humus, water extract, ground, park, gardening.

ӨОЖ 631.32: 633

Абишева М.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӘРТАРАПТАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Андатпа

Мақалада Оңтүстік Қазақстан облысы өңірі бойынша жүргізілген әртартаптандыру процесі барысында өсімдік шаруашылығының, оның ішінде шитті мақтаның, көкөніс-бақша дақылдарының, жеміс-жидектер мен жүзімдіктердің және мал азығы дақылдарының сегіз жыл ішінде (2005-2012жж.) өзгерісіне талдау жасалған. Нәтижесінде әрбір дақыл бойынша әртартаптандырудың тиімді, жетекші жаңа бағыттары ұсынылды.

Кілт сөздер: әртартаптандыру, мамандану, кластер, тамшылай суландыру, экспорт.

Кіріспе

Қазақстан экономикасын және ауыл шаруашылығын әртартаптандыру, оның маңызды секторы ретінде елді және оның өңірлерін дамытуда маңызды басымдық болып саналады. Оңтүстік Қазақстан облысында 2010-2014 жж. арналған АӨК-ін дамыту бойынша қабылданған өңірлік бағдарламаға байланысты мақта шаруашылығы саласын дамыту басымдығы сақталады. Нарықтық қатынастарды тереңдету барысында мақтаны интенсивті технологияларда өсірудің өзектілігі арта түседі, ол егістік аудандарын қысқарту арқылы, бірақ өнімділігін арттыра отырып, жоғары сапалы шитті мақтаны көп өндіруге қол жеткізеді [1].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Соңғы жылдардағы нәтижелер мақта шаруашылығын дамытуда дұрыс бағыттарды көрсетіп отыр. Мақта егістігі 2012 жылды 2005 жылмен салыстырғанда 27,6 %-ға қысқартылған, есесіне өнімділігін 13,4%-ға арттыру шитті мақтаны 379,7 мың тонна деңгейінде өндіруді сақтап отыруға қол жеткізген (1-кестеде) [2].

Кесте-1. Оңтүстік Қазақстан облысының ауылшаруашылық дақылдарының егістік аудандары құрылымы және серпіні

Ауылшаруашылық дақылдары	Жыл				2012 ж. 2005 жылға, %
	2005		2012		
	егістік, мың.га	құрылымы, %	егістік, мың.га	құрылымы, %	
Егістік аудан, барлығы	758,3	100	742,2	100	97,9

оның ішінде:					
дәнді дақылдар	241,7	31,9	186,4	25,1	77,1
Көкөніс	24,4	3,2	32,5	4,4	133,2
Бақшадақылдары	18,3	2,4	54,3	7,3	296,7
Мал азығы дақылдары	184,7	24,4	183,2	24,7	99,2
Мақта	204,1	26,9	147,8	19,9	72,4
Жүзімдік	4,2	0,6	9,1	1,2	216,7
Жеміс-жидектер	14,5	1,9	17,1	2,3	117,9

Бұл отандық тауар өндірушілерге әлемдік және ішкі рыноктарда сұранысқа ие тауар өсіруге мүмкіндік беріп отыр. Облыста текстил - мақта кластері құрылған, ол өндірілген мақтаны қайта өндіруге мүмкіндік берді.

Кластер құру тауар өндірушілерге шаруашылықты жоспарлы жүргізуге, шикізатты тепе-теңдікпен өндіруді және оны қайта өндіруді қамтамасыз етуге, біріңғай технологиялық процесстің барлық сатыларында өнімдердің ысырабын төмендетуге мүмкіндік берді. Ауыл шаруашылығының осы саласында жүргізілген әртараптандыру нәтижесінде серіктестердің өндірістік және экономикалық көрсеткіштері жақсарды, тауарлы өнімді сатудан көп қаражат алуға мүмкін болды және табысты бөлуді әркімнің қосқан үлесіне қарай бөлуге қол жеткізді.

Шитті мақтаны өндіруді әрі қарай арттыру және оның сапасын жоғарылату үшін Шымкент қаласындағы текстил комбинатының қуатын толық пайдалану мақсатында саланы әртараптандыруды мына төмендегі бағыттарда жүргізу керек:

- мақта өсіруде интенсивті технологияларды енгізу, оның негізгі элементтері: ауыспалы егіс, жергілікті топырақ-климаттық жағдайларға бейімделген, жоғары өнімді сорттар егу, тыңайтқыштар енгізу жүйесін жақсарту, агротехникалық мелиоративтік және ұйымдық шаралар жүргізу, жер, су және материалдық-техникалық ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету еңбек және қаражат шығындарын азайту, топырақ құнарлығын арттыру, ірі кәсіпорындар құру арқылы өнімділікті жоғарылату;

- негізгі саланы қосымша салалармен үйлестіру;

- мақта егетін шаруашылықтарды әрі қарай ірілендіру бойынша шаралар жүргізу.

Ғалымдардың пікірінше мамандандырылған мақта және аралас мақта өсіруші агроқұрылымдар құру мақсатқа сай келеді, олардың 60-120 га егістік ауданы 8-15 қызметкерлері болуы тиіс. Ол мақта өндірісі көлемін арттыруға жағдай туғызады, шығындарды 20-25 %-ға төмендетеді, рентабельділікті 30-38 %-ға көтереді.

Өсімдік шаруашылығы саласын әртараптандырудың жетекші бағыттарының бірі көкөніс шаруашылығын интенсивті дамыту болып саналады, ол республика және оның оңтүстік өңірі деңгейінде қабылданған. Оны көкөністерді ішкі ұлттық рынокқа шеттен көп тасымалдаумен түсіндіруге болады, әсіресе сезон аралық кезеңде және өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін. Қазақстанға әкелінетін көкөністер, бақша дақылдары және олардың қайта өңделген өнімдері 2001-2004 жж 19,8 мың тоннадан 104,6 мың тоннаға дейін немесе 5,3 есеге артқан. Оған қосымша соңғы жылдарда осы өнімдерді шеттен әкелу үрдісі сақталып отыр, ал әкелу көлемдері артып келеді (2009 жылы – 105,8 мың т, 2012 жылы – 317,5 мың т немесе 3 есе). Демек, көкөніс-бақша өнімдерін сырттан әкелуді алмастыру проблемасын ұлттық рынокта өзекті болып отыр және өсімдік шаруашылығы салаларын әртараптандыру өте маңызды, әсіресе Қазақстанның оңтүстік өңір облыстарында.

Оңтүстік Қазақстан облысында көкөніс-бақша кіші саланы дамытуда оң өзгерістер орын алуда. Көкөніс дақылдарының егістік алаңы 2012 жылы 2005 жылмен салыстырғанда 33,2 %-ға өскен. Осы аралықта жалпы өнім 47,0 %-ға артып, 705,8 мың

тоннаға жеткен. Көкөніспен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі 212 %-дан 230 %-ға дейін көтерілген. Бұл жаңа көкөністерді ұлттық рынокқа ғана емес, сонымен қатар БЭК-ке де, атап айтсақ Ресейге жеткізіп отыру мүмкіндігіміз бар деген сөз.

Мүмкін болатын экспорттық әлеует 100-120 мың тоннаны құрайды. Шетке шығарылатын жаңа (жас) көкөністер негізін қызанақтар, қияр, болгар бұрышы, баклажандар құрап отыр. Әлеуетті тұтынушылар Сібір облыстары болуы мүмкін.

Мұнда көкөністер импортты тек қана ТМД елдерінен 180 мың тоннаға жетеді, ал алыс шетелдерден – 135,2 мың тонна [3]. Осы рынокта өз орнын табу (алу) Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан тауарларымен бәсекелесудің салдарынан қиындық туғызады.

Оңтүстік Қазақстан облысы бақша дақылдарын өсіруде өзінің әлеуеті бар, сондықтан бұл рынокты тиімді пайдалануда. Бақша дақылдарының егістік алаңы соңғы жылдарда 36 мың гектарға кеңейген немесе 2005 жылмен салыстырғанда 3 есесін құрап отыр. Олардың өнімділігі де осы аралықта айтарлықтай көбейіп, жалпы өнімі 798,5 мың тоннаға жеткен немесе 3,7 есеге артқан.

Зерттеу нәтижелері мен талдау

Оңтүстік Қазақстан облысындағы бақша дақылдарының жоғары өнімділігі бұл өңірге тек ұлттық рынокта өңір аралық алмасуға ғана емес, сонымен бірге оларды экспортқа шығаруға да мүмкіндік береді. Осы дақылдармен өзін-өзі қамтамасыз ету 134%-дан (2005ж.) 345%-ға дейін (2012ж.) көтерілді. Мүмкін болатын экспорттық әлеует 300 мың т төңірегінде.

Өсімдік шаруашылығының көкөніс-бақша саласын әрі қарай дамыту Оңтүстік Қазақстан облысында интенсивті факторларды пайдалану және ірі, шағын фермерлік қожалықтарда көкөніс дақылдарының ассортиментін жетілдіру негізінде жүргізілуі керек.

Сондықтан көкөніс-бақша өндірісін әртараптандыруды мынадай бағыттарда дамытқан дұрыс:

- арнайы ауыспалы егістікті прогрессивтік технологияларды енгізуге мүмкіндігі бар фермерлік қожалықтарда егістік алаңдарын ірілендіру, ауылшаруашылық техникалары мен жабдықтарын жаңалай отырып, тамшылатып суғаруды енгізу;
- өсірілген өнімнің сапасын арттыру, механикалық жинауға және ұзақ уақыт сақтауға, қайта өңдеуге қолайлы, әртүрлі ауруларға қарсы тұра алатын, халықаралық ИСО: 2000 стандарттар сапасы талаптарына сәйкес келетін сорттарды кеңейту;
- жабдықтарды, жаңа технологиялар мен техникаларды жаңғырту бағытындағы мемлекеттік қолдауды күшейту.

Бақ шаруашылығы мен жүзім шаруашылығын республика және оңтүстік өңір облыстарында жеделдете дамыту өсімдік шаруашылығының салаларын әртараптандырудың бірқатар маңызды басымдық бағыттарына ұсынылған. Ол витаминдік жеміс-жидек өнімдерінің, оған деген артып келе жатқан тұтыну сұранысы кезіндегі жетіспеушілігінен туындап отыр.

Мұндай өнімдердің ғылыми-негізделген тұтыну нормасы бір адамға жылына 60 кг (ұлттық ең төменгі стандарт 18 кг), ал біздегі орташа жан басына шаққандағы тұтыну – 22 кг, соның ішінде отандық өндіріс есебінен 9 кг-ға (немесе 40,9 %). Яғни осы өнімдерге шеттен әкелуге тәуелді болып отырмыз. 2012 жылы импорт көлемі 240 мың т болған. Осының өзі көп жағдайды аңғартса керек.

Оңтүстік Қазақстан облысына жеміс-жидек дақылдарын дәстүрлі өндіретін өңір ретінде осы отандық өнімдермен ұлттық рынокты толықтыру бағытында ерекше роль жүктелген.

Жеміс-жидек және жүзім шаруашылықтарын дамыту бойынша өңірлік бағдарламаны іс жүзіне асыру барысында облыста оң нәтижелер көрініс тауып отыр.

Мысалы, 2009-2012 жж. жеміс ағаштарының ауданы 1,8 мың гектарға немесе 11,8 %-ға артып, 17,1 мың гектарға жетіп отыр, бұл 2005 жылғы көрсеткіштен 17,9 % жоғары.

Жаңа бақ алаңдарын кеңейту фермер қожалықтарындағы суғарылатын жерлер есебінен жүргізілуде. Солардың үлесіне 42 %-ы келіп отыр, ал үй шаруашылықтарын (есік алды бақтарын) ескерсек республикадағы бақ алаңдарының 50 %-на жетеді.

Жүзімдіктер алаңдары да кеңейтіліп келеді. 2005 жылмен салыстырғанда олар 2012 жылы 2,1 есеге артқан, 9,1 мың га болып отыр. Жүзімдіктер екі облыста ғана – Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарында орналасқан, республикадағы жүзімдіктердің 68 %-ы Оңтүстік Қазақстан еншісінде. Жеміс-жидек және жүзім өндірісінің үлесі республикалық көрсеткішке тиісінше 46,4 %-ға және 80 %-ға жетті. Ал олар 2005 жылы 25,5% және 58,1 % болатын.

Бақ және жүзім шаруашылығы саласын дамыту әлеуеті Оңтүстік Қазақстан облысында жоғары. Оны арнайы учаскелердегі отандық бақтардың өнімділігі көрсетіп отыр. Мысал үшін, өңірдің бірқатар фермерлік қожалықтарында алма өнімділігі «Восход», «Пиноваэлстар» сорттары бойынша 216-240 ц/га, жүзім (қара принц) – 180-200 ц/га жетіп отыр.

Бақ және жүзім шаруашылықтарын дамытудағы қол жеткізген жоғары нәтижелер фермер–бақ өсірушілерге мемлекеттік қолдаудың артып отырғандығын көрсетеді. Жеміс-жидек, көпжылдық ағаштар салуға және өсіруге шығындардың бір бөлігі қайтару есебінен (бұрын отырғызылған ағаштар мен жүзімдіктер шығындарының бір бөлігін) бақ, жүзім егуші фермерлерге мемлекеттік қолдау көрсетіліп отыр.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы өсімдік шаруашылығы салаларын әртараптандыру бағытындағы маңызды бағыт болып мал азығын өндіруді дамыту табылады.

Мал азығы өндірісі тиісті базаны ұйымдастыру, өндіріс жүйесін, мал азығын сақтау және пайдалану жұмыстарын қамтиды. Ол мал азығы дақылдарының құрылымын оңтайландыруды, мал азығын өндірудегі, сақтау және азықтандырудағы прогрессивтік технологияларды қолдануды қарастырады. Мал азығы өндірісі далалық және табиғи мал жайылымдары (шабындықтар, жайылымдар және т.б.) болып бөлінеді, олардың жиынтығы мал азығы базасын құрады.

Мықты және тұрақты мал азығы базасын ұйымдастыру - малдарды жыл сайын арзан және сапалы мал азығымен, қажетті мөлшерде сақтандыру запастарын ескере отырып қамтамасыз ету деген сөз.

Қорытынды

Мал азығын алудың негізгі көздері болып мал азығы және дәнді фураж дақылдары, табиғи шабындықтар мен жайылымдар саналады.

Қосымша көздері ретінде - тамақ өнеркәсібінің, қоғамдық тамақ кәсіпорындарының қалдықтары және халықтың тамақ қалдықтары. Мал азығы өндірісі көптен бері өсімдік шаруашылығының ірі салаларының біріне айналып кеткен. Оны әртараптандыру мына төмендегі мәселелерді қамтуы тиіс:

- мал азығы дақылдарына бөлінетін айдалатын жерді тиімді пайдалану;
- мал азығы дақылдары мен өндірілетін мал азықтары өндірісінде еңбек сыйымдылығы мен өзіндік құнын төмендету;
- малдарды азықтандыру рационын ескере отырып, ауыспалы егістіктегі мал азығы дақылдарын дұрыс таңдау;
- ірі, жұмсақ және концентратты мал азықтарын өндірудің интенсивті технологияларын қолдану.

Өңірдегі мал азығы дақылдарының егістік алаңы әлі де болса төмен, мал шаруашылығы сұранысын қанағаттандырмайды. Сондықтан, алдағы болашақта мал азығы дақылдарын өсіруде интенсивтік технологиялар қолданылатын түрлерін және

отандық тауар өндірушілер тарапынан қолдау табатын түрлерін өсіруді ынталандыратын шаралар кешенін қабылдау керек.

Әдебиеттер

1. Государственная программа по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2010-2014 г.г.
2. Қазақстанның ауыл, орман және балық шаруашылығы статистикалық жинақ. Астана. 2013. -220бет
3. П.М.Першукевич. Агропромышленное право Сибири: состояние и перспективы развития // Проблемы агрорынка. №2. -2012. - с.19

М.К. Абишева

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ДИВЕРСИФИКАЦИИ РАСТЕНИЕВОДСТВА В ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Приведены результаты исследования процесса диверсификации по культурам растениеводства на примере Южно-Казахстанской области. Отражено влияние различных факторов на его ускорение. Даны новые предложения по развитию диверсификации в растениеводческой отрасли.

Ключевые слова: Диверсификация, специализация, кластер, капельное орошение, экспорт.

M.K. Abisheva

MAIN AREAS CROP DIVERSIFICATION IN SOUTH KAZAKHSTAN REGION

The research results of the process of diversification of crop crops on the example of South Kazakhstan region. Reflects the influence of various factors on its acceleration. The proposals on development of diversiform in plant-growing of branch of South Kazakhstan region.

Keywords: a diversification, specialization, cluster, tiny irrigation, export.

УДК 633.11.324

Е.Н. Алкенов, Т.А. Атакулов, К.М. Ержанова

Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы

РАЗРАБОТКА РЕСУРСОСБЕРЕГАЮЩЕЙ ТЕХНОЛОГИИ ПУТЕМ ПОСЕВА ПРОМЕЖУТОЧНЫХ КУЛЬТУР НА ЮГО-ВОСТОКЕ КАЗАХСТАНА

Андатпа

В данной статье рассматривается ресурсосберегающая технология возделывания озимой пшеницы и рапса как промежуточной культуры на основе нулевой обработки почвы и прямого посева на гребни для получения двух урожаев в год. Объектами исследования являются светло-каштановая почва, постоянные гребни, прямой посев, озимая пшеница и рапс.

Ключевые слова: прямой посев, постоянные гребни, промежуточные культуры, два урожая в год, ресурсосберегающие технологии.